



Сыр бойы

№22 (20898) 13 ақпан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Сергей Шойгумен кездесуде Қазақстан мен Ресейдің түрлі бағыттағы екіжақты серіктестігі және өңірлік қауіпсіздік бойынша ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

— Сіздің сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан аса маңызды деп санаймын. Қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Бұл ретте Ресей Федерациясы Президентінің былтыр қараша айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары айрықша мәнге ие. Елдеріміздің экономикалық байланыстары табысты ілгерілеп келе жатыр. 171 жоба бойынша уағдаластыққа қол жеткіздік. Оның ішінде 50-ден астам жоба жүзеге асырудың соңғы кезеңіне жетті. Бүгінде Ресей Қазақстан экономикасының негізгі инвесторларының біріне айналды. Мемлекеттеріміздің құқық қорғау органдары, әскери ведомстволарының арасындағы байланыс та ойдағыдай өркендейді деп санаймын. Менің ойымша, Сіздің сапарыңыз екіжақты ықпалдастығымызға шолу жасап, өзара іс-қимылдың жаңа бағыттары бойынша келісімге келуге оңтайлы мүмкіндік береді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинге сәлем жолдады. Ресей Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы кездесуге және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік жасағаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты. — Бауырлас халықтарымыздың, елдеріміздің арасында қалыптасқан қарым-қатынасқа үнемі жоғары деңгейде қолдау көрсетіледі. Тауар айналымы мен бірлескен жобалардың ауқымы қомақты. Өрине, біздің байланыстарымыз тек екіжақты қарым-қатынаспен шектелмейді. Біз Шанхай ынтымақтастық ұйымы, ҰҚШҰ, ТМД және ЕАЭО аясында белсенді жұмыс атқарып келеміз. Қазақстанның бастамасымен қолға алынған жобалар табысты әрі белсенді іске асырылып жатыр, — деді Сергей Шойгу. Кездесуде екі елдің қауіпсіздік саласындағы ықпалдастығының тиімділігін арттыру мәселесі қарастырылды.

/// БРИФИНГ

КӨНЕ ШАҒАРДЫҢ КЕМЕЛДЕНУ КЕЗЕҢІ

Аймақ бюджеті соңғы екі жарым жылда екі есе толығып, 750 млрд теңгеден асты. Облыс орталығы бойынша да бұл жағынан өсім байқалады. 2024 жылдың басында шаһар бюджеті 58,2 млрд теңге болса, жыл соңында 112,7 млрд теңгеге жетті. Түсім де, кіріс те біршама молайған. Қомақты қаражаттың қайда жұмсалып жатқаны туралы жарты жыл бұрын қызметіне кіріскен Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтып берді.

3-бет



/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕНДІГІ МІНДЕТ — ЕГІНГЕ ДАЙЫНДЫҚ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде көктемгі егін жұмыстарына дайындық, агроөнеркәсіп кешенінің цифрландыру мәселелері қаралды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Биыл облыста 190 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Үкіметтің Жол картасына сәйкес күріш егісі 80900 гектар болып бекітілді. Қосымша 5 мың гектар күрішті қашыртқы сумен, жерді лазерлік тегістеу арқылы үнемделген сумен суару

көзделуде. Ауыл шаруашылығы құрылымдары тұқыммен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Қажетті 64600 тонна тыңайтқыштың 11300 тоннасы отандық өнім.

Шаруашылықтар есебіндегі 4046 техниканың 82,2 пайызы жөндеуден өтті. Қалғаны 1 наурызға дейін 100% дайын болады. Энергетика

министрлігі 10 мың тонна дизель отынын бекітті. Бүгінде жеткізуші операторлар айқындалып, ақпан айына бөлінген дизель отынына төлем жүргізілуде. Жоспарланған егін көлемі Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы отырысынан кейін қайта нақтыланбақ.

2-бет

/// КЕҢЕС

ӨҢІРДЕ ХАЛЫҚТЫ АУЫЗСУМЕН ҚАМТУ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ

Кеше Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен қалалар мен ауылдарды таза ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған кеңес өтті. Басқосуда Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев Сыр өңіріндегі қалалар түгелдей 100 пайыз ауызсумен қамтылғанын, ал облыстың ауызсумен қамту көрсеткіші 98,6 пайызға жеткенін айтты.

Кеңеске облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыс аумағында 4 қала және 223 ауылдық елді мекен бар. Өткен жылы орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылмаған 27 елді мекеннің екеуіне су тұтытқыш қондырғы орнатылды. Екі ауылдан елді мекен статусы алынып, онтайландырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қалған 23 елді мекенге жыл соңына дейін сапалы ауызсу жеткізу үшін арнайы Жол картасы әзірленіп, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілуде. Биыл «Ерімбетжаға», «Тастүбек», Шөкен, «Шилі», «Сарбұлақ», «Шитүбек» елді мекендеріне таза ауызсу қосу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Мердігер мекемелер анықталып, құрылыс жұмыстары басталуда.



/// ТАЛҚЫ

ҚҚС: ҰСЫНЫС-ПІКІР САРАЛАНАДЫ



Аймаққа Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Құдайбергенов арнайы іссапармен келіп, бизнес қауымдастық пен депутаттар, қоғамдық кеңес, мемлекеттік орган және бірлестік өкілдерімен кездесті. Шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналинов қатысты. Басты мақсат — қосымша құн салығы, оның шекті мөлшерін төмендету, жаңа реформаның маңызын кеңінен түсіндіру.

Үкімет отырысында ҚҚС ставкасын 20% көтеру ұсынылды. Кәсіпкерлермен кездесу барысында Президент мөлшерлеменің тым жоғары екенін айтты, қайта қарауды жүктеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасынан соң ҚҚС мәселесі қайта қаралып, еліміздің салық заңнамасына жаңа түзетулер енгізуге, оның ішінде құн салығын 16%-ға көтеру ұсынылды. Өңірлердегі бизнес-қоғамдастықпен Үкіметтің бастамаларын талқылайтын алты жұмыс тобы құрылып, жұмысын бастады.

— Өңірлерді аралаудағы басты мақсат — қосымша құн салығының маңыздылығын түсіндіру. ҚҚС ставкасы 16 пайызға көтерілмек. Ал міндетті тіркеу есебіне қою үшін шекті 80 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін төмендету жоспарлануда.

Сондай-ақ денсаулық сақтау саласы үшін 10% төмендетілген мөлшерлеме ұсынылады.

Онан бөлек ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші заңды тұлғалар бюджетке төлеуге тиісті ҚҚС-ның 30%-ын төлемейтін болады. Жалпы ҚҚС бұл — бюджетті толықтырудың негізгі көзінің бірі. ҚҚС мөлшерлемесін арттыру және саралау бюджеттің мұнайдан түсетін өзгермелі кірістеріне тәуелділігін азайтуға және мемлекеттік басым жобаларды қаржыландыруға мүмкіндік береді. Осы ретте сіздердің де пікірлеріңізді естіп, ұсыныстарыңызды жеткізуге келдік, — деді вице-министр.

Жиында бизнес өкілдері сауалдарын қойып, нақты ұсыныстарын білдірді. Атап айтқанда, сараланған (16%, 10%, 0%) ҚҚС-ны өңдеуші бизнеске

төмендету, микро, шағын бизнесі ҚҚС-на жатқызуға, салық жүйесін автоматтандыра отырып, қызмет не тауардан бірден 3% салықты ұстап қалуға, т.б. ұсыныстар берілді. Сондай-ақ «Атамекен» ҰКП өңірлік кеңес мүшелері Ғалым Прекешов, Дина Махатова, Болат Нұрқожаев, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Әріп Хожбанов, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Бакыт Нұртаев, экономист Балжан Шәменов бұл шешімді әлі де саралап барып қабылдау керектігін айтты. Онан бөлек салықты цифрландыру, көлік салығынан халықты босату мәселесін де ұсыныс ретінде жеткізді.

Бауыржан Құдайбергенов Сыр өңірі кәсіпкерлерінің ұсыныс-пікірлері сараланып, Парламентке ұсынылатынын айтты.

Айта кетейік, жаңа «Салық кодексінің» жобасына түзетулерді 20 ақпанға дейін Мәжіліске енгізу жоспарланып отыр.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҮШТАСҚАН ОҚУ ОРДАСЫ

Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау, мамандарды қайта оқыту мен біліктілігін көтеру — мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау — айрықша өзекті мәселе. Бұл — экономикалық өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын даярлау арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді» деген болатын Президент.

Елімізде жұмысшы маман даярлау жалпы білім беру базасы негізінде кәсіптік колледждерде жүзеге асырылады. Өңірде кәсіптік білім беретін 12 колледж бар. Соның бірі — Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі.

2-бет



Валюта бағамы

\$ 506,43 kzt

€ 522,43 kzt

₸ 5,28 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі



+4°



-3°

Жұма



+4°



-2°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӘРІПТЕСТІК БАЙЛАНЫС ЖАЛҒАСАДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан халқына» ҚҚ басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаевамен кездесті. Кездесуде қордың Сыр өлінде атқарған, қолға алған жұмыстары сараланды.

– Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоры арқылы Сыр өлінде 4,8 млрд теңгенің денсаулық сақтау жобалары қаржыландырылды. Бұл қаржыға Арал, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласында «Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Оған қоса 1 млрд 100 млн теңгеге скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешендер алынды. Бүгінде кешендер шалғай елді мекендер тұрғындарына тұрақты медициналық қызмет көрсетуде, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, қор қаржысына сирек кездесетін, онкологиялық және онкогематологиялық ауруға шалдыққан науқастарға дәрі-дәрмек, перинаталдық орталық пен аудандық ауруханаларға диагностикалық линзалар, офтальмоскоптар мен офталь-

мологиялық лазерлер, басқа да құрал-жабдықтар сатып алынды. Қан тамырлары патологиясы бар балалар емделді. Генетик, УДЗ маманы, трансплантология үйлестірушісі білім жетілдірді. Көз қабығын ауыстыруды қажет ететін науқастардың еміне қаржы қаралды.

Басқосуда Ләззат Шыңғысбаева «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен Қызылорда облысы арасындағы жолға қойылған тұрақты әріптестік байланыс одан әрі жалғасатынын жеткізді және алдағы уақытта Сыр өңірінде жүзеге асырылатын жобаларды талқылады.

Айта кетейік, күні кеше Шиелі ауданының Досбол би ауылында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынған спорт кешенінің ашылу рәсімі өтті.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

ЗЕЙНУЛЛА ҚАЗТОҒАНОВ – ИНСПЕКЦИЯ БАСШЫСЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге қатысты мәжіліс өтті. Жиында су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының жаңа басшысы Зейнулла Қазтоғанов таныстырылды. Алдымен аймақ басшысы осыған дейін «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы қызметін атқарып келген Қайратбек Сәрсенбаевты құрметті еңбек демалысына шығуымен құттықтады.



адалдықты алға қойып, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосты. Барша Сыр жұртшылығының атынан деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз, – деді аймақ басшысы.

Жиында Қайратбек Әубәкірұлы Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Облыс әкімі Зейнулла Қазтоғановтың жаңа қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндеттерді айқындады.

– Жаңа басшыға Халықаралық Аралды құтқару қоры мен мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының шешімдерін жүзеге асыруды, егін алқаптарын сумен қамтамасыз ету бойынша нақты шаралар қабылдауды, Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу бағытындағы жұмыстарды тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Зейнулла Молдағалиұлы 1972 жылы Арал ауданында дүниеге келген. Қызылорда агроөнеркәсіп өндіріс инженерлері институтында инженер-мелиоратор мамандығы бойынша білім алған. 1998-1999 жылдары Су ресурстары комитеті «Арал-Сырдария» бассейндік су шаруашылығы бірлестігінің инженері, 2000-2023 жылдары Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясында түрлі қызметте болған. 2023 жылдан бастап осы күнге дейін инспекция басшысының орынбасары болды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// САПАР

КӨП ПІКІРІ КЕЛЕЛІ

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және облыстық мәслихат депутаттары Жанкелді Ысқақ, Ерлан Қалиев, Орынбасар Төлепов Қармақшы ауданына жұмыс сапарымен барып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Елді мекендердегі өзекті мәселелер талқыланған кездесулер III Интернационал, Дүр Оңғар, Иіркөл ауылдары мен Жосалы кентінде өтті.



Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов аймақ басшысының бастамасымен қолға алынған іргелі істер, алда жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Сондай-ақ облыстық мәслихаттың алдағы жоспарына, депутаттармен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Халықтың тұрмысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды атап өтті.

Кездесуге келген тұрғындар газдандыру, балабақша ашу, кітапхана ашуы, ауыл көшелерін асфальттау, шлюз салу, кәріз жүйесі, жайылымдық жер, азық-түлік бағасының қымбаттауы, туризмді дамыту және білім саласына қатысты, басқа да

мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, осындай ашық диалогтың маңызын атап өтіп, ризашылық білдірді.

Айта кетейік, ауыл тұрғындарымен кездесулерге аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошалаков, мәслихат депутаттары, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мереков және қоғамдық кеңес төрағасы Әбдірахман Күлдіусенов, ауыл әкімдері мен тиісті сала мамандары қатысты.

Сапар барысында облыстық мәслихат төрағасы мен депутаттар III Интернационал ауылындағы «Достық» бөбекжай-бақшасының жұмысымен танысты.

«СБ» ақпарат

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ ҰШТАСҚАН ОҚУ ОРДАСЫ



Мамандық даярлауда өзіндік орны бар іргелі оқу орнында 423 студент 10 мамандық бойынша білім алуа. Олардың қатарында көлік жөндеу, дәнекерлеу ісі, құрылыс, тігінші, аспазшы, токарь, электромонтер компьютерлік аппараттарын жөндеу, 20-сы өндірістік оқыту шебері, 31-і жалпы білім беретін оқытушы, 21 арнайы пән оқытушысы болса, 4 шеберхана меңгерушісі жұмыс істейді. Олар біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтіп отырады. Еліміздің болашағы жастар екенін ескерсек, оларға сапалы білім беріп, саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу басты парызымыз деп білеміз. Сондықтан біздегі әрбір ұстаз үнемі ізденісте жүреді. Алдағы уақытта да студенттеріміздің білім алып қана қоймай, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына барынша атсалысатын боламыз, – дейді колледж басшысы.

Біздің колледж 500 орынға арналған. Екі қабаттан тұратын 100 орындық жатақханасы бар. Жатақхана 1980 жылы салынған. 2020 жылы күрделі жөндеуден өтіп, жаңа төсек орынымен, жиһазбен қамтылды. Бүгінгі күні 46 студент жатақханада тұрады. Сондай-ақ 127 студент тегін ыстық тамақпен қамтылған. Ыстық тамақтың қаржысы студенттердің өз есеп шоттарына аударылады, – дейді колледж директорының міндетін атқарушы Талғат Шарап.

Оқу ордасында 8 шеберхана, 5 зертхана, 28 кабинет бар. Оның ішінде тігін, аспаз, автокөлік жөндеу, дәнекерлеу ісі шеберханалары толығымен заманауи талапқа сай жабдықталған. Колледж басшысының айтуынша, ветеринария, тау-кен мамандығы бойынша базаны жаңғырту қажет.

Өткен жылы «Жас маман» жобасы бойынша «Дәнекерлеу ісі» мен «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша республикалық бюджеттен 320 млн бөлінді. Бұл қаржыға кәсіптік білім мекемелері халықаралық стандарттарға сай, соңғы үлгідегі құралдар-жабдықтар мен оқу кабинеттерін, шеберханаларды жабдықтауы керек. «Жас маман» жобасы колледждің оқу өндірістік базасын жаңартып қана қоймай, құзыреттілік орталығын ашуға мүмкіндік береді. Соның

өзінде материалдық базаны жаңғыртуға қажеттілік бар. Биылғы атаулы жылға орай материалдық-техникалық жабдықтарға қаржы қаралып, бітіруші түлектердің жұмыспен қамтылуына мекемелер мен әлеуметтік серіктестер тарапынан қолдау болады деген сенімдеміз, – дейді Т.Шарап.

Кәзіргі таңда мемлекет қолдауына ие болған білім ұясы дуальды және модульді оқыту жүйесіне толықтай көшкен. Техникалық және кәсіби білім беру шеңберінде дуальды оқыту бойынша 134 студент қамтылып отыр.

Мұнан бөлек, «Автомектеп Жаңақорған», «Ажимуротов», «Олжас», «Бағжан», «Мағжан», «Арсен», «Исабаев», «Баязов», «Аруназ» дара кәсіпкерлері мен №№51, 194, 56, 110, 49, 166 орта мектептері және «Токтамыс», «Бақытжан» шаруа қожалықтары әлеуметтік серіктес ретінде студенттердің тәжірибеден өтуіне, олардың жұмыспен қамтылуына үлес қосуда.


Айта кету керек, биыл білім ошағын 186 түлек бітіреді. Бытырғы 109 бітіруші түлектің 75-і жұмысқа орналасқан. Бұл – үлкен жетістік. Түлектердің екі қолға бір күрек тауып, жұмысқа орналасып кетуі, колледж мұғалімдерінің жоғары біліктілігінің арқасы екені сөзсіз.

Колледжде 147 қызметкер бар. Оның ішінде 76-сы педагог кадр, 20-сы өндірістік оқыту шебері, 31-і жалпы білім беретін оқытушы, 21 арнайы пән оқытушысы болса, 4 шеберхана меңгерушісі жұмыс істейді. Олар біліктілік арттыру курстарынан уақытылы өтіп отырады. Еліміздің болашағы жастар екенін ескерсек, оларға сапалы білім беріп, саналы ұрпақ етіп тәрбиелеу басты парызымыз деп білеміз. Сондықтан біздегі әрбір ұстаз үнемі ізденісте жүреді. Алдағы уақытта да студенттеріміздің білім алып қана қоймай, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына барынша атсалысатын боламыз, – дейді колледж басшысы.

Жалпы колледж түлектерінің жетістіктері жетерлік. Соның бірі – елімізде жыл сайын жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру мақсатында өтетін «World-Skills Kazakhstan» ұлттық чемпионатында студенттердің алдыңғы қатардан көрінуі. Сондай-ақ білім ордасынан түлеп ұшқан әрбір түлек жақсы маман ғана емес, өз ісінің нағыз шебері атанады. Оны өз алдына жеке кәсіп ашып, елдің дамуына үлес қосып жатқанынан аңғаруға болады.

Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжін алдына қойған мақсаты – мамандарды кәсіби бағытқа негіздеп дайындау және экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстыру. Бұл тұрғыда оқу орны өз үлесінен шынтық. Білім мекемесінің алдында ендігі жерде әлеуметтік серіктестермен, жана өнеркәсіп орындарымен тығыз іс-әрекеттер жасай отырып, колледждің имиджін жақсарту, ең бастысы, білім беру ордасын әрі карай модернизациялау сияқты басты мақсат-міндеттер тұр.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



ЕНДІГІ МІНДЕТ – ЕГІНГЕ ДАЙЫНДЫҚ

Агроөнеркәсіп кешенін цифрландыруда және салаға озық технологияларды енгізуде бірқатар шара атқарылуда. Егін, мал шаруашылығы саласындағы субсидиялау процестері «ГосАгро» порталы арқылы онлайн жүргізілуде. Жер учаскелерін сату, жалға беру веб-портал арқылы электронды түрде өтеді.

Саланы цифрландыру, жаңа жобаларды жүзеге асыруда шетелдік компаниялармен бірлескен жобалар іске асырылуда. «Ер-Әлі» шаруа қожалығы күріш алқаптарын суаруды цифрландыру, су шығынын азайту үшін аустралиялық «Рубикон Уотер» компаниясының автоматтандырылған су өлшеу жабдықтарын орнатты. Бұл арқылы суармалы су көлемін 20 пайызға дейін үнемдеуге, өнімділікті арттыруға қол жетті.

Аталған компаниямен бірлесіп, облыс аумағындағы егін алқаптарының 60 пайызын сумен қамтамасыз ететін «Сол жаға магистральді каналына су бөледі және есепке алуды цифрландыру» жобасы қолға алынды. Кәзіргі таңда жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өтуде. Егін шаруашылығын цифрландыру бағытында «Абзал и К» толық серіктестігі құны 1 млрд теңге, қуаты сағатына 12 тонна цифрлық күріш өңдеу зауытын биыл іске қосады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ЖҰМЫСШЫЛАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінде жұмыссыз тұрғындар мен оқу орындарының түлектеріне арналған «Адал еңбек – адал табыс» атты бос жұмыс орындары жәрмеңкесі және мектеп бітірушілерге арналған ашық есік күні өтті. Іс-шара «Жұмысшы мамандықтар жылы» асында жұмысшы мамандарды қолдау, дамыту, жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік сала, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау бағытында ақпарат беру, жұмыс берушілер мен жұмыс іздеушілер арасында ықпалдастық орнату мақсатында ұйымдастырылды.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев жұмысшы мамандар жергілікті еңбек нарығының негізгі болып қала беретінін жеткізді.

– Себебі өңірде 180 мыңнан астам адамның немесе жұмыс істейтін азаматтардың 54 пайызының кәсіптік немесе техникалық білімі бар. Жұмыс күшіне қажеттілік әлі де арта түседі. Соның ішінде мамандандырылған техника жүргізушілері, сантехник, дәнекерлеуші, құрылысшылар мен техникалық бағыттағы жұмысшыларға сұраныс жоғарылай бермек. Бұдан техникалық және кәсіптік білім берудің маңызы кемімейтінін байқаймыз, – дейді ол.

Өңірде еңбек нарығы үшін таптырмайтын мамандықтардың үзекмерзімді болжамын анықтау үшін Мамандықтар атласы әзірленді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 9-сынып бітірушілер үшін биыл бюджет есебінен 5 300-ден астам орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінуде. Аймақта ауқымды инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы, әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылымдар құрылысының қарқынды жүруі айтарлықтай еңбек күшін қажет етеді.

Басқарма басшысы жиын барысында өткен жылы бос жұмыс орындарын ұсынған белсенді жұмыс берушілерді марапаттады. Кезекті жәрмеңкеде 20-дан астам жұмыс беруші жұмыс іздеушілерге 200-ге жуық бос жұмыс орнын ұсынды. Нәтижесінде 50-ден астам адам қалауындағы жұмысты тауып, 240 шақты адам жұмыс іздеу және жұмысқа орналастыру дағдылары бойынша мамандардан кеңес алды.

Ашық есік күнінде қаржы институттарының өкілдері мемлекеттік бағдарламалар арқылы қолдау көрсету және кәсіпкерлік бастамаларын дамыту мүмкіндіктері туралы айтты. Колледж оқытушылары мектеп бітірушілерге мамандық тандау, заман ағымына сай даму бағыттары, технологиялық прогресс және еңбек нарығының динамикасы негізінде кәсіби бағдар берді.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

КӨНЕ ШАҒАРДЫҢ КЕМЕЛДЕНУ КЕЗЕҢІ

— Бұл қаржы өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды. Өткен жылы аймақ басшысының тегеурінді талабы мен тың бастамалары нәтижесінде барлық салада өсім қалыптасты. Аймақтың негізгі капиталына 640 млрд тенге инвестиция тартылып, көрсеткіш 21,7 пайызға өсті. Құрылыс жұмыстарының көлемі республикалық орта көрсеткіштен 41 пайызға жоғарылады. Өңдеу өнеркәсібі 19,6 пайызға, ауыл шаруашылығы 2,3 пайызға, тұрғын үй 16,9 пайызға, көлік 2,8 пайызға, сауда көлемі 6,6 пайызға артты. Бұл өсімде Қызылорда қаласының үлесі басым, — дейді шаһар басшысы.

Қала экономикасы, құрылысы мен инфрақұрылымында, білім, мәдениет, спорт, медицина, көркейту-кегальдандыру салаларында тың серпіліс сезілді.

Өткен жылы кәсіпкерлер саны 34 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылғандар саны 65 мыңнан асты. Шағын және орта кәсіпкерлік бағытында 300 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Быыл 15 жаңа инвестициялық жобаны іске қосу жоспарда бар. Одан бөлек, «жана базар» және «ескі базар» аталып кеткен қос сауда орталығы жаңғыртылады.

Мұнай қоры жыл өткен сайын сарқылып барады. Сондықтан ата-көсіп — ауыл шаруашылығынан қол үзеу керек. Дикандар былтыр 8298 гектар жерге егін егіп, оның жемісін уақытылы жинап алды. Күріштің



округінің халқы от жағып, құл шығару машақатынан құтылды.

Қала ішінде қарым-қатынас үшін жолдың қолайлы болуы өте маңызды. Осы мақсатта өткен жылы 99 көше жөнделіп, сәні кіріп қалды. Жанадан Сыр самалы көшесі салынып, әуежай мен Бейбарыс Сұлтан көшесінің аралығы, оңтүстік аудандардан бер-

сырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында білім ошақтарын салу жұмысы жалғасын табады. Быыл «өл Фараби», «СПМК», «Арай» шағын аудандарында құрылыс қызады. Облыс әкімінің бастамасымен халықаралық стандарттарға жауап беретін орталық стадион бой көтеруде. Жақын күндері «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені салына бастайды. Ал жуырда облыстық тарихи-өлкетану музейінің құрылысы аяқталуға жақын.

— Қалалық мәдени-демалыс паркі қайта жаңғыртылуда. Тұңғыш Президент, Денсаулық сабақтарында жұмыс жүргізіліп, соңғы үлгідегі аттракциондар қойылады. Субұрақтар, амфитеатр, жауа жүргіншілер, велосипед жолдары салынып, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары ашылады. Батырхан Шөкенов атындағы саябақ, Қорқыт ата мемориалды аллеясы абаттандырылып, жаңа кейіпке енеді. Сонымен қатар Сырдария өзенінің үстінен сол жағалауды «Астана» шағын ауданы және Тұңғыш Президент, Денсаулық



3856 гектарынан 51,5 центнер өнім қамбаға құйылды. Облыс, ел ішінде ғана емес, экспорттық сауда айналымында да Сыр салысының үлесі жоғары.

Қала тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету ісі қарқынды жүруде. Өткен жылы 2 мыңнан астам жерлесімсіз тұрғын үйге қол жеткізді. Тұрғын үй құрылысы бағытындағы атап өтерлік ауқымды тірлік Сырдарияның сол жағалауынан алғаш рет 7 қабатты үйлердің салынуы болғаны рас. Осы сияқты жұмыс жалғасын тауып келеді.

— Қаладағы 68 тұрғын үй, оның ішінде 60 көппәтерлі, 8 жеке жер үй апатты жағдайда. Аталған санаттағы 673 отбасы тұрғын үй кезегіне тіркелген. Өткен жылдың соңында 135 отбасыға жана пәтерлер сатып алынды. Жақын күндері бұл пәтерлер иелеріне табысталады. Быыл тағы 135 отбасы үшін жана қоныс сатып алуға қам жасаймыз. Осылайша апатты үйлер мәселесі кезек-кезеңімен шешіледі, — дейді Нұржан Ахатов.

Биыл қаланың бас жоспары қайта бекітілмек. Соған сәйкес табиғи газ тартылатын аумақтар аясы кеңейді. Биыл бұл тізімге «Эдельвейс», «Еңбек», «Орбита» саяжайлары қосылып отыр. «Сабалақ» саяжайы мен қаланың «көгілдір отын» жетпеген шағын аудандарын газдандыру ісі жалғасуда. Одан кейін «Қызылөзек» ауылдық округі мен «Бірказан» елді мекеніне кезек тиеді. Ал өткен жылы қала іргесіндегі «Ақжарма» ауылдық



гі кіреберіс, магистральді Яссауи, Жаппасбай батыр, Е.Көшербаев көшелері төртжолалық болып кенейді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы да ұлғайып, көлік қозғалысына ыңғайлы мүмкіндік тұмақ. Биыл аспалы көпір аталып кеткен Шиелі бағытындағы автомобиль көпірі, Астана қаласынан кіретін беттегі Сағымбаев көшесі қайта жаңғыртылады. Сырдария жағалауының бойынан ескі базар мен «Мерей» шағын ауданы аралығына жол салынады. Көлік санының артуына байланысты теміржол астында өткел салу бастамасы көптің көкейіндегіні деп басты. Қазіргі күні Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржолдың астынан, қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын Қызылжарма каналының үстінен көпір салынып жатыр.

саябақтарымен байланыстыратын жауа жүргіншілер көпірін салу жоспарда бар, — дейді шаһар басшысы.

Биыл — Қызылорда қаласының астана болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл. Қала әкімі бұл жалғыз Сыр өңірінің мерейтойы емес, тұтас ұлт, мемлекет тарихына қатысты кезек екенін атап өтті. Осыған орай мерейтойды атап өту тұжырымдамасы мен облыстық іс-шаралар жоспарының жобасы әзірленіп, оған 40-қа жуық ауқымды іс-шара енгізілді. Соның ішіндегі ең маңыздысы — «Алаш аристарына» арналған музей, «Тұңғыш астанаға 100 жыл» аллеясы, «Қызылорда Алаштың жүрегінде» атты тарихи-танымдық кітап.

Назирке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



МЕРЕЙ

ҒАЛЫМ ҰСТАНҒАН ҒИБРАТТЫ ЖОЛ

Өткен ғасырдың ортасында, дәлірек айтсақ, 1950 жылдың 21 ақпаны күні қарт Қаратаудың бөктерінде, қасиетті Түркістанмен көрші жатқан Жаңақорған ауданына қарасты Кеңес ауылының қадірменді ақсақалы, ескіше терең сауатты, діндар, ауыл молдасы Шермұхаммед қарияның үйінде шыр етіп бір сәби дүниеге келді. Бұл алпысты алқымдаған отағасы мен қырықтың бесуіне келіп қалған Қәделі шешейдің кенжесі болатын. Ақсақал әкеден туған он үш баланың бірі болғанымен, медреседе оқып, араб тілін жақсы меңгеру, діни жолға түсу осы кісінің ғана шешенесіне жазылыпты. Сондықтан да қария сәбидің атын діни кітапқа қарап, Қамалдин деп қойған екен. Сол Қамекен бүгінгі таңда елімізге белгілі ғалым, ауылшаруашылығы саласының білгір маманы, тамырын тереңге жайған үлкен отбасының басшысы, мерейлі 75 жасқа толғалы отыр.

Жастайынан ата-ана тәрбиесін, халқымыздың салт-дәстүрін, асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен азамат үлкенге құрмет, кішіге қамқор болатын, ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдаспен сыйластық қарым-қатынас жасайтын, білім-ғылымға шынайы берілген, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға болып қалыптасты.

Отбасының кенжесі ретінде ата-анасының қолғанаты болып, шаруаны тындырып жүрген Қамекен 1967 жылы ауылындағы №54 орта мектепті жақсы бітіргеннен, ағасы Зинабдиннің әскер қатарында, алдындағы апасы Шарапаттың бір жыл бұрын жоғары оқу орны студенті болуы себепті оқуға бармай, ата-анасының жанында жүріп, еңбекке араласады. Зейнетақыдан басқа қосымша табысы жоқ қариялар үшін баласының ер жетіп, еңбек етіп, нан тапқаны үлкен қуаныш еді. Қамекен 1969 жылы Кеңес одағы қарулы күштері қатарына Отан алдындағы борышын өтеу үшін шақырылып, ол кезде айтуға болмайтын, картаға түспеген Семей полигонында қызмет етеді. Әскери қызмет қай уақытта да оңай емес. Ал ядролық жарылыс болып жатқан аймақта қызмет ету солдат үшін аса үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Қамекен өз қызметін адал, абайсыман атқарды, қатарының алды болды, бөлімше басшылары тарапынан бірнеше рет алғысы алып, сыйлықтарға да ие болды. Әскерге қызметтестер арасындағы сыйластық болар, бүгінге дейін көптеген азаматтармен араласады, Семей полигоны ардагерлері қоғамының белсенді мүшесі.

Бір байқағаным, Қамекен ата-анасын жиі еске алып отырады екен. Тағы да әңгіме бетін сол аяулы жандарға қарай бұрды. «Біздің әкеміз тек діндар адам ғана болып қойған жоқ, қолы жеңіл, не ексе де көкпеп шыға келетін бағбан болатын. Ол кісі 60-шы жылдардың басында Қызылорда облысында бірінші болып жаңақ ағашын егіп, өсіріп, жемісін алған адам. Сол жаңақтың алғашқы жемісінен 1969 жылдың күзінде Семейде әскерде жүрген бір топ жерлес азаматтар ауыз тиді. Қызметтес жигіттерге әкеміздің еккен жаңғақ ағашының жемісі екенін айтып, сендіре алмадым. Бұл біз өскен аймақ үшін үлкен жаңалық, құптарлық шаруаны жүргемізмен, әкеге деген терең ризашылықпен, мақтаушымен ғана сезіндім. Осы сезім менің агроном мамандығын таңдауыма да үлкен әсерін тигізді деп ойлаймын».

Әскерден кейін жоғары білім алу жайлы мақсатымды бөліскенде: «Сен енді жас емессің, қолымды ұзартып, келін түсіріп берсең қалай болады, ұлым» деп анамыз бір ой тастады. Сонда әкеміз: «Оқудың ескісі, жанасы, ерте-кеші болмайды, оқимын десен балам, жоңың ашық» деп батасын берді. Бұл шешімді жоғары білімді ұлағатты ұстаздар — ағамыз Зәкен мен жеңгеміз Зәкен де қолдады.

Сонымен «Ештен кеш жақсы» дегендей, бес қаруымды сайлап, арман қала Алматы қайласың деп жолға шықтым. Армандаған Қазақ Ауылшаруашылық институтының агрономия факультетіне оқуға түсіп, оны қызыл дипломмен бітіргенде, «әке батасының қабыл болғаны» деп сезіндім» дейді ағамыз.

Қамекен агрономия факультетінде жақсы оқып, белсенді студенттер қатарында болды. Топ старостасы, курс комсорғы, жатақханадағы студсовет мүшесі деген қоғамдық жұмыстарды абайсыман атқарды. Мектеп қабырғасынан бірден келіп оқуға түскен жастарға ақыл-кеңесін айтып, тәрбиелеп, жақсы азамат, жақсы маман болуына өз үлесін қосты десек артық айтқандық болмас. Күні бүгінге дейін бірге оқыған курстас азаматтармен хабарласып, жиын-тойларда кездесіп тұрады.

Қамекен шығармашылыққа бірталау жақын, мектеп оқушысы кезінен бастап қабырға газетін шығару, шағын мақала жазу, өлең шығаруды әдетке айналдырған. Ол өзіне, бауырларына асқар таудай пір тұтатын әкесі Шермұхаммед қарияның өмір

танымының шексіз әсер еткенін айтудан жалықпайды.

Жалпы шығармашылық сайып келгенде білімділікке, дүниетанымға, ой-өріске байланысты. Шығармашылық бұл әулетке дарыған өнер ме деп қаламын. Қамекеннің ағасы елімізге белгілі азамат, ұлағатты ұстаз Зинабдин Шермұхаммедұлының үлкен тебіреніспен інісінің 75 жылдық мерейтойына арнаған «Дарақ өсіп, бір жерде көгереді» деген жыр жолдарын келтіргенді жөн көрдім.

Камалжан, құтты болсын мерейжасың,

Тілектес бар ағайын, бауырласың. Жөн білер бір азамат

сендей болсын,

Толысқан ел ағасы шағындасың. Атадан емес біздің ұлық туған,

Өкениң жолы ұлт-ілім қуған. Бәріне де қарайсың қанағатпен,

Бойында мейірімділік

тұнып тұрған.

Кенжесі болатынсың кемпір-шалдың,

Қарайлап жүріп барып білім алдың. Жолың боп орналастың

Қызылорда да,

Киелі ордасына ғалымдардың. Ғылымға қызмет еттің, аянбадың,

Бірі болдың білімді ағалардың, Күршіген жаңа сорттар

шығарсандар,

Авторсың бірнеше кітаптардың. (Білінбей зымыраған уақыт-ай,

Міне енді жетпіс беске

келіп қалдың)

Дарақ өсіп, бір жерде көгереді! Көзі оң болсын Тәңірдің төбедегі.

Ортаңда, дос-жаранға

сыйлысыңдар,

Белгілі үй болдыңдар керегелі.

Қонды бүгін ұяға ұл, қияға қыз,

(Ұласып бір құдадан, бір құдаға).

Немерелер шауып жүр — өрістерің,

Солар ғой болашағың, жемістерің!

Шүкірлік етесіңдер бүгін барға,

Жақсылықтар көп болсын

үйінде алда.

Соныман ерген бауыр-інім едің,

Өзіңді желеп-жебеп жүрсін Алла!

Жоғары білімді ғалым-агроном

дипломын алған жас маманның ғылыми-білімге деген құштарлығы оны

1977 жылы күрші дақылды бойынша Қазақстандағы жалғыз ғылыми мекеме — Қазақтың күрші ғылыми-зерттеу институтына алып келді.

Алғашында аға ғылыми қызметкер болып орналасса, 1987-2007 жылдары «Күрші өсіру технологиясы», «Дәнді дақылдар өсіру технологиясы», «Егіншілік» бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарды, 2008 жылдан бастап «Агротехнология» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері. Осы жылдар арасында күрші ауыспалы егісінің экологиялық және экономикалық тиімді 8 танапты және қысқа айналымды бірнеше үлгілерін, күршінің және арпа сорттары мен әртараптандыру дақылдарын өсіру технологияларын әзірлеп, пестицилдердің экологиялық залалсыз жана түрлерін сынақтан өткізіп, өндіріске енгізуге тікелей үлес қосты. 1997 жылдары тұқым шаруашылығы болып құрылған «Түтіскен» тәжірибе шаруашылығында күршінің бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастырып, оны жүргізуге ғылыми-әдістемелік басшылық жасауды да Қамекен өзінің төл қызметінен кем көрмей, адал атқарды. Сол аймақта тұқым шаруашылығын жүргізуге арналған күрші ауыспалы егісінің жана үлгісін енгізді. Осы Түтіскеннің күрші алабынан тауып, бүгінде сорттық деңгейге дейін жеткізілген күршінің «Түтіскен 1» сортының негізгі авторы, «АйКерім» күрші сортының, арпа-ның «Сыр Аруы», «Қайсар», «Ілқар», «Шахристан» сорттарының авторларының бірі.

Ол өзінің жүргізген тәжірибе нәтижелерін ғылыми басылымдарда, кітап беттерінде шығаруда да аянбай еңбек етіп келеді. 120-ға жуық ғылыми еңбегі жарық көрсе, оның ішінде 4

кітап, 2 монография, 7 авторлық куәлік (патент), 12 ұсыным бар. Бұл еңбектер облыс дикандары мен ауылшаруашылық мамандары және ауыл шаруашылығы білім беру бағдарламаларының білім алушылары үшін күнделікті қолданыста болатыны сөзсіз.

Қамекен облыстың егін шаруашылығын әртараптандыру бағытында жұрт ауыспалы егісінде бидай, арпа, сұлы, мақсары, жоңышқа, түйе-жоңышқа, рапс дақылдарының өсіру технологияларын әзірледі. Соңғы жылдары облыстың «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» 019 бюджеттік бағдарламасы бойынша төрт жобаға жетекшілік жасады. Сондай-ақ Қаратау бөктеріндегі тәлімі жерлерді игеруде жана (инновациялық) технологияларды өндіріске енгізді.

Ғылымның соңғы жаңалықтарымен өзінің білім қорын толықтырып отыруды ұмытпайтын Қамекен біліктілік арттыруда белсенділік көрсетеді. 1981 жылы КСРО министрлер кеңесі мемлекеттік комитетінің жаңалықтар жайлы жоғарғы курсың тәмамдаса, 1989 жылы Мәскеудегі К.А.Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында «Тәжірибе жұмысының әдістемесі» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру факультетінде, 2003 жылы Дүниежүзілік күрші ғылыми институты мен ICARDA ұйымдастырған курстарда білімін жетілдірді. Голландия, Франция елдерінде ауылшаруашылық дақылдарын өсіру технологиялары бойынша тәжірибе алмасу жиындарына қатысты.

Ол ғылымда жинақтаған бай тәжірибесін шетел ғалымдарымен бірлесе отырып, өндірісте қолдануға да өз үлесін қосып жүр. 1996-1997 жылдары «Қызылорда облысының қайта сорланған жерлерін қайта қалпына келтіру жайлы» Жапон-Қазақстан және ARCADIS (ТАСИС) компаниялары жүргізген «Қызылорда облысының экологиялық қауіпсіз дамуы» жобаларын іске асыруда аға консультант ретінде жұмыс атқарып, зор нәтижеге қол жеткізді.

Ұзақ жылдар бойы атқарған ғылыми-практикалық еңбегі және қоғамдық жұмысы жоғары бағаланып бірнеше мерекелік медальдармен, Семей ядролық сынақ полигонының жабалуына 20 жыл, 25 және 30 жыл төсбелгісімен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен (2013 және 2020 жылдары), ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Құрмет грамотасы (2010 ж.) және «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен (2020 ж.) марапатталған. 2020 жылы К.Шермағамбетовтің ауыл шаруашылығы саласындағы қажырлы еңбегі ескеріліп, 70 жасқа толуы аясында өзі туып-өскен Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.

Камалдин бауырымыз — салауатты өмір салтын ұстанған азамат, әке жолын қуып ислам дінін, шарияғаты қастерлейтін тұлға. Алланың қалауымен, ұрпақтарының демеуімен 2022 жылы жұбайы Гүлжанмен бірге Мекке мен Мәдинаға барып, қажылық парызын өтеп қайтты.

Қамекен бүгінгі таңда Құдай қосқан қосағы Гүлжан жеңгеміз екеуі ата-аналарынан алған өнеге, тәрбиесін ұл-қыздары мен немерелеріне жеткізіп, құда-жекжаттарымен, ағайын-туыстарымен, әріптес жолдастары және қатар өскен достарымен бірге өмірдің жақсы кезеңдерін бастан кешіруде.

Егіншілік саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырып, жас мамандарды ғылымға баулу, өзінің білген-түйген білімі мен тәжірибесін үйретуден еш жалыққан емес. Бұл, әрине, парасатты пейіл мен өнегенің өрісі.

Ибадулла ТАУТЕНОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры, «Құрмет» орденінің иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

ЖЫЛЫЖАЙДАН 4 ТОННА ҚИЯР ЖИНАДЫ



Жалағаштық Дәулет Саруар мемлекеттік бағдарламаның арқасында кәсібін ашып, шаруасын жүргізіп келеді. Ол былтыр жылыжай кешенін салып, күз айында алғашқы өнімін алды.

– Өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасына қатысып, жылыжай кешенін салдым, 8,6 млн теңгені 2,5 пайызбен алдым. Жылыжай газбен жылиды. Тамшылатып суару технологиясын қолданып отырмыз. Шымкент қаласынан топырағын, дәрумендерін алдырдық. Өзірге көкөніс түрінен қияр ғана егіп, 4 тонна өнім алдық. Жиналған қиярды жергілікті кәсіпкерлер сатып алып, сауда сөрелеріне тиімді бағамен қойды. Тартылған жіптерді қиялаған қияр бойын тіктеп өседі. Бұл өнімді жинауға қолайлы. Күнделікті өзім бақылап отырамын. Мөлшермен суарып, уақытылы топырағын қопсытып, түбін тазалаймын. Содан болар, өнім мол алынды, – дейді ол.

Кәсіпкер 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Қазір жылыжайда топырақты тыңайту жұмыстары жүруде. Ақпанның соңында қайта тұқым себіледі.

– Бұған дейін де шаруашылықпен айналысып, күріш ектім. Осы саланы білгеннен кейін жылыжай кешенін салу ойға келді. Өрине, бірден жүзеге асты деп айта алмаймын. Біршама еңбектенуге тура келді. Білікті агроном мамандарынан кеңес алып, егу жолдарын үйрендім. Арнайы кешенде егілетін болғандықтан ерекше күтіп-бапталады. Алғашқы өнім жақсы жиналды. Бастысы, еселі еңбек жемісін берді. Алда тағы да көкөніс түрлерін қосу ойда бар. Ол үшін мемлекеттік бағдарламаға қатысуға

ниеттеніп отырмын. Қолдау тапса, жұмыс ауқымын кеңейтемін, – дейді кәсіпкер.

Бағбанның айтуынша, жылыжай – табыс көзі. Егер шаруасын дамыта алса, көкөністің күтімі жақсы, бабы мықты болса, өнім беретініне көз жеткізген.

Расында, кейінгі кездері Сыр өңірінде жылыжай салу ісі жанданып келеді. Тіпті әр мектептің жанынан жылыжай ашылып, қысы-жазы жайқалып тұрады. Бұл бір жағынан оқушыларды жастайынан еңбекке баулып, қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятады.

Бұрын бұл кәсіпке кез келген адам икем таныта қоймайтын. Қазір аудан, ауылда да жылыжай салып, өнімін жинап, пайдасын көріп жатқандар бар. Шаруаны ілгерілетуге «Ауыл аманаты» жобасы да тиімді болып тұр. Міне, бағдарлама арқылы Дәулет Саруар көптен бері ойластырып жүрген ісін деңселентіп әкетті.

Мемлекет басшысының ауылдық жерлердегі тұрғындардың табысын арттыру тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Бұл – шағын және орта кәсіпті дамытуға арналған бірден-бір жоба.

Жалағаш ауданында былтыр қаржылық қолдауға ие болған 48 жоба «Ауыл аманаты» цифрлық платформа-сына енгізілді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Камал Ормантаев



Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ балалар хирургиясының негізін қалаған Камал Ормантаев 89 жасында дүниеден өтті.

Камал Саруарұлы 1936 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

1953 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетіне түсіп, медицина саласындағы жолын бастады. 1968 жылы осы институттың балалар хирургиясы кафедрасын басқарды.

Академиктің отандық медицинадағы алар орны ерекше. Ол – 35 жасында докторлық диссертациясын қорғап, елімізде ең алғашқы балалар хирургиясы бойынша ғылым докторы атанған қазақ. Екі мәрте «Алтын адам» атығының иегері. Белгілі дәрігер 40-тан аса ғылыми еңбек жазып, 22 жаңалық енгізген. Елімізде алғаш болып балалардың бас сүйек миының жаракатына, түрлі сынықтарға, балалар кеудесінің іштен туа біткен ақауларына 20 мыңға жуық күрделі ота жасап, мыңдаған баланың өмірін сақтап қалған.

Ғылым қайраткері Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның профилактикалық медицина академиясының академигі және вице-президенті, 1999 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Қазақстанда педиаторлардың, балалар хирургтарының, анестезиолог-реаниматологтарының, ортопед-травматологтарының ғылыми мектебінің негізін қалаған парасатты тұлғаның жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
облыстық қоғамдық кеңес,
облыстық ардагерлер кеңесі

Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «28» ақпан 2025 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді. АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «28» февраля 2025 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны / Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Трехкомнатная квартира/ Үш бөлмелі пәтер	г. Қызылорда, мкр. Астана, дом 12, кв. 16. Қызылорда қаласы, Астана м. а., 12 үй, 16 пәтер	общей площадью – 63,70 кв.м., жилой площадью – 33,30 кв.м., жалпы ауданы 63,70 ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 33,30 ш.м.	16 861 135 тенге/тенге	843 056,75 тенге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ. Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК KZ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 17 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Смайыл М.Ө. Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады. 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212. 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Қызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК KZ218560000000274901.

Место проведения торгов – г.Қызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 17 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Смайыл М.Ө.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212.

87479358394.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, АУКЦИОН!!!/ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ «28» ақпан 2025 жылы ұлғайту және төмендету бойынша кепілдегі мүлікке аукцион өткізеді. АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества «28» февраля 2025 года на повышение и понижение.

№ р/н п/п	Объектінің атауы/ Наименование объекта	Орналасқан орны / Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы/ Описание и характеристика залогового имущества	Бастапқы бағасы / Стартовая цена	Кепілдік жарна/ Гарантийный взнос
ЛОТ 1.	Трехкомнатная квартира / Үш бөлмелі пәтер	г. Қызылорда, ул. Зейнулла Шукурова, дом 98В, кв. 14. Қызылорда қаласы, Зейнулла Шүкіров көшесі, 98В үй, 14 пәтер	общей площадью – 90,50 кв.м., жилой площадью – 67,40 кв.м., жалпы ауданы 90,50 ш.м., оның ішінде тұрғын ауданы 67,40 ш.м.	23 059 672 тенге/тенге	1 152 983,60 тенге /тенге

Аукционға қатысу туралы өтініштер хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қызылорда қ. Байтұрсынов көшесі 54 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізерден бір күн бұрын аяқталады.

Сатып алу бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолданыстағы бағамы бойынша келесі мәліметтер бойынша сауда-саттық аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК KZ218560000000274901.

Сауда-саттық өткізілетін орын – Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі. 54.

Сауда-саттық басталатын уақыт ЛОТ 1 – 15 сағат 00 минут.

Сенімді тұлға – Смайыл М.Ө. Аукцион туралы қосымша ақпаратты телефон арқылы алуға болады. 8 (7242) 55-18-88, ішкі. 79212. 87479358394.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: г. Қызылорда, ул. Байтұрсынова 54, в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка Республики Казахстан в течение 5 (пяти) рабочих дней после проведения торгов по реквизитам БИН 910141000018, БИК КСЖВКЗКХ, ИИК KZ218560000000274901.

Место проведения торгов – г.Қызылорда, ул.Байтұрсынова 54.

Начало торгов: ЛОТ 1 – 15 часов 00 минут.

Доверенное лицо – Смайыл М.Ө.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7242) 55-18-88, вн. 79212.

87479358394.

ҚОРЫҚШЫ МІНДЕТІ – ОРМАН ҚАУІПСІЗДІГІ

Республикаға белгілі, Арал теңізі аумағындағы табиғат байлығының ең сирек кездесетін түрлері сақталған «Барсакөлмес» мемлекеттік табиғи қорығы» РММ ұжымы өрт қауіпсіздігіне байланысты ауқымды дайындық жұмыстарын бастап кетті. Бүгінде жалпы көлемі 163126 гектар болатын табиғи қорық үш учаскеден тұрады. Атап айтар болсақ, олар: «Барсакөлмес», «Қасқақұлан» және «Дельта» аумағы болып бөлінеді.

Жыл басынан бері биылғы өрттен қорғану маусымына арналған негізгі іс-шаралар жоспары әзірленді. Онда қорыққа жақын орналасқан ауылдық округтер, сонда тұратын жергілікті кәсіпкерлермен іс-қимыл жоспары бекітіліп, орман мен дала өртінің алдын алу және жою мәселелері көрсетілген. Сондай-ақ жыл басынан бері мекеме аумағында өз қызметін жүзеге асыратын барлық өртке қарсы іс-шаралар жоспары келісілді. Орман өртінің пайда болуының ескерту схемалары жасалып, сөндіруге арналған қажетті күштер мен құралдардың есебі анықталды.

Айта кетейік, қорықтағы барлық құрал-жабдықтар, инвентарлар тексеріліп отырады. Сондай-ақ өрттен қорғануға арналған жабдықтарды жөндеуге қосалқы бөлшектер мен жаңа құралдар сатып алынууда. Патрульдік және өрт сөндіру техникалары радио және телефон байланыстарымен жабдықталған. Өрт сөндіруге арналған көліктердің жүргізушілері арнайы техникамен жұмыс істеуге машықтанған. Өрт сөндіру тақырыбында дәрістер жоспарлы түрде жүргізіліп, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері, ауыл әкімшіліктері және орман мен орманның тікелей маңында жұмыс жүргізетін басқа ұйымдарда оқу-насихат жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, «Барсакөлмес» мемлекеттік табиғи қорығы қызметкерлері халық арасында, орта мектептерде орман мен тоғайлы жердегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша түсіндіру және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, арнайы ұнапарактар таратып отырады.

Ғалымжан БАЗАРБАЕВ,
«Барсакөлмес» мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің күзет бөлімінің басшысы

Жарамсыз деп табылсын

Якулаев Бахытжан Нурлановичке Қызылорда облыстық полиция департаментінен берілген КЗ №20738 (21.01.2028 жарамды) қызметтік куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы мен барша Сыр елінің медицина саласының қызметкерлері еліміздегі балалар хирургиясының негізін салушы, академик

Ормантаев Камал Саруарұлының дүниеден өтуіне байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БҒА
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Құат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.